

**Физика және информатика пәні бірлестігінің 2021-2022 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары**

Тақырыбы: Оқытудың қазіргі технологияларының әдістерін пайдалана отырып оқу үрдісін ізгілендіру

Мақсаты:

Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру;

Мұғалімдердің барлық жұмыс түрлерін жүйелеу;

Әдістемелік жұмыстарды және мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін арттыру жұмыстарын ұйымдастыру;

Оқу бағдарламаларын жоспарлау және нақтылау;

Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен түрлерін енгізу және тәжірибе алмасу.

Күтілетін нәтиже:

- Озық педагогикалық тәжірибелерді зерттейді, үйренеді, ендіреді;
- Мұғалімдердің әдістемелік шеберлігін, кәсіби деңгейін арттыру арқылы сапалы білімге қол жеткізеді;
- Ерекше қабілетті оқушыларды анықтап, қабілетіне қарай шығармашылыққа баулиды;

Физика және информатика пән әдіс бірлестігінің жылдық жоспары

Атқарылатын іс-шара мазмұны	Мақсаты	Орындалу мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже	Өту формасы	Рәсімделуі
Өткен оқу жылындағы әдістемелік бірлестігінің жұмысына талдауы	Өткен оқу жылындағы әдістемелік бірлестігінің жұмысына талдау жасау	тамыз	Д.Пердеев	Өткен оқу жылындағы әдістемелік бірлестігінің жұмысына талдау жасалынады	ӘБ отырысы	Мәтіндік есеп
2021-2022 оқу жылының әдістемелік пән бірлестіктің жоспарымен танысу	2021-2022 оқу жылының әдістемелік пән бірлестіктің жоспарымен таныстыру	тамыз	Д.Пердеев	ҰБТ қорытындысына талдау	ӘБ отырысы	маниторинг
2021-2022 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен танысу	Оқулықтар мен оқу бағдарлама ларының нормативтік талаптарға сәйкестігі,бағдарламалық талаптарын реттеу	тамыз	Д.Пердеев	Оқулықтар мен оқу бағдарлама ларының нормативтік талаптарға сәйкестігі,бағдарламалық талаптары реттеледі	ӘБ отырысы	Хаттама
Пән бойынша күнтізбелік- тақырыптық жоспарлар, вариативті сағаттарға жасалған бағдарламалар-мен танысу, реттеу	Пән бойынша күнтізбелік- тақырыптық жоспарлар, вариативті сағаттарға жасалған бағдарламаларды талқылау	тамыз	Д.Пердеев	Пән бойынша күнтізбелік- тақырыптық жоспарлар, вариативті сағаттарға жасалған бағдарламалар бекітіледі	ӘБ отырысы	Хаттама
Оқу кабинеттерінің 2021-2022 оқу жылына дайындық деңгейі	Оқу кабинеттерінің 2021-2022 оқу жылына дайындық деңгейін анықтау	тамыз	Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары . ӘБ жетекшісі	Оқу кабинеттерінің 2021-2022 оқу жылына дайындық деңгейін анықталып құжаттары дайындалады	ӘБ отырысы	Хаттама
5-11-сынып оқушыларынан физика информатика пәнінен бақылау қимасын алу, қорытындысын шығару	Оқушылардың физикм және информатика сауаттылығы мен білім сапасын тексеру	Қыркүйек	Пән мұғалімдері	Оқушылардың физикм және информатика сауаттылығы мен білім сапасын тексеру	ӘБ отырысы	сараптама

Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыс	Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстың жоспарын құру	қыркүйек	Пән мұғалімдері	Дарынды, үлгермеуші оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспарын құру	ӘБ отырысы	жоспар
Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс	Үлгермеуші оқушылармен жүргізілетін жұмыстың жоспарын құру	қыркүйек	Пән мұғалімдері	үлгермеуші оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспарын құру арқылы жүйелі жұмыс атқарылады	ӘБ отырысы	жоспар
Мемлекеттік емтиханға, ББЖМ-ға дайындық деңгейі	9-11 сынып оқушыларымен жүргізілетін жұмыстың жоспарын құру	Жыл бойы	Пән мұғалімдері	Жоспар құру арқылы жүйелі жұмыс атқарылады	ӘБ отырысы	жоспар
Іж.ж бойынша ашық сабақтар , коучинг	Тәжірибе алмасу, шеберліктерін шыңдау	Кесте бойынша	Пән мұғалімдері	Тәжірибе алмасу, шеберліктерін шыңдай отырып, озық іс-тәжірибелері таратылады	ӘБ отырысы	Сабақ әзірлемелері
Физика информатика пәні бойынша І тоқсан қорытындысы	Оқушылардың білім сапасын анықтау	қараша	Д.Пердеев Пән мұғалімдері	Оқушылардың білім сапасы анықталады	ӘБ отырысы	мониторинг
Мектепшілік пән олимпиадасы материалдарын дайындау	Дарынды балаларды анықтау дайындық кестесін құру	қараша	Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары	Дарынды балалар анықталады	ӘБ отырысы	Дайындық жүргізу кестесі
І жарты жылдық бойынша сынақ материалдарын дайындау	І тоқсан барысында алған білімдерін тексеру	желтоқсан	Пән мұғалімдері	Ітоқсан барысында алған білімдерін тексеріп қорытынды жасалады.	ӘБ отырысы	Сынақ материалдары
Физика информатика пән апталығын өткізу	Тәжірибе алмасу, шеберліктерін шыңдау	қаңтар	Д.Пердеев Пән мұғалімдері	Тәжірибе алмасу, шеберліктерін шыңдай отырып, озық іс-тәжірибелері таратылады	ӘБ отырысы	мәлімет
Оқу жылының І жарты жылдықтағы білім сапасы	Оқу жылының І жарты жылдықтағы білім сапасына талдау	қаңтар	Д.Пердеев	Оқу жылының І жарты жылдықтағы білім сапасына талдау жасалады.	ӘБ отырысы	Мониторинг

Пән бойынша үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелілігі	Мұғалімнің сабақ жүргізу тәсілі, үлгерімі төмен оқушымен жүргізген жұмыс жүйесін тексеру	Қаңтар	Пән мұғалімдері	Мұғалімнің сабақ жүргізу тәсілі, үлгерімі төмен оқушымен жүргізген жұмыс жүйесі тексеріліп, сараптама жасалады.	ӘБ отырысы	мәлімет
Мемлекеттік емтиханға, ББЖМ дайындық жұмыстарының барысы	Мемлекеттік емтихан, ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының жүргізілуін қадағалау	Қаңтар	Пән мұғалімдері	Оқу жетістіктерін сырттай бағалауға дайындық жұмыстарының жүргізілуі қадағаланады.	ӘБ отырысы	мәлімет
Физика пәнінен қолданбалы, таңдау курстарының жүргізілу жайы	Қолданбалы, таңдау курстарының жүргізілу жайын тексеру	ақпан	Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары	Қолданбалы, таңдау курстарының жүргізілу жайы тексеріледі.	ӘБ отырысы	мәлімет
Оқушылардың ББЖМ-ға дайындық деңгейін анықтау	ББЖМ дайындық жұмыстарын қадағалау, пәндер бойынша сынама тестілеу өткізу, сабақтарға қатысу	ақпан	Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары	ББЖМ дайындық жұмыстарын қадағалау мақсатында, пәндер бойынша сынама тестілеу өткізіледі, сабақтарға қатысады.	ӘБ отырысы	мәлімет
11- сынып оқушыларының әдістемелік күні	Мемлекеттік емтиханға, дайындық деңгейлерін анықтау	наурыз	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Мемлекеттік емтиханға дайындық деңгейлері анықталады	ӘБ отырысы	хаттама
9- сынып оқушыларының әдістемелік күні	Мемлекеттік емтиханға дайындық деңгейі	сәуір	Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары	Мемлекеттік емтиханға дайындық деңгейі анықталады	ӘБ отырысы	хаттама
Емтихан материалдарын дайындау, талдау	Емтихан материалдарының оқу бағдарламасына сәйкестігін бақылау	сәуір	Д.Пердеев Пән мұғалімдері	Емтихан материалдарының оқу бағдарламасына сәйкестігі тексеріледі	ӘБ отырысы	мәлімет
Үлгерімі төмен оқушылармен сабақ	Мұғалімдердің тақырыпты игермеген оқушылармен	сәуір	Д.Пердеев	Мұғалімдердің тақырыпты игермеген оқушылармен	ӘБ	мәлімет

уақыты мен сабақтан тыс уақытындағы жеке жұмысты ұйымдастыру	жүргізілген жұмысының қорытындысын талдау		Пән мұғалімдері	жүргізілген жұмысының қорытындысына талдау жасалынады	отырысы	
4-сынып оқушыларының математикалық сауаттылығы деңгейі	4-сынып оқушыларының математикалық деңгейін бақылау	сәуір	Пән мұғалімдері	4-сынып оқушыларының математикалық сауаттылығы деңгейі анықталады	ӘБ отырысы	мәлімет
Пән бойынша жылдық сын жұмысының қорытындысы	Оқушының білім деңгейін анықтау	мамыр	Д.Пердеев	Оқушының білім деңгейі анықталады	ӘБ отырысы	мониторинг
II жарты жылдықтағы білім сапасына талдау	Пән бойынша білім сапасын зерделеу	мамыр	Д.Пердеев Пән мұғалімдері	Пән бойынша білім сапасы зерделенеді	ӘБ отырысы	Мониторинг

Бірлестік жетекшісі: Пердеев Д

**“Шарбұлақ” жалпы орта білім беретін мектебінің физика және информатика пән әдіс бірлестігі мүшелері туралы мәлімет
2021-2022 ж**

к/с	Мұғалімнің аты-жөні	Бітірген оқу орны, жылы	Диплом бойынша мамандығы, дипломның номері	Санаты, қай жылы берілген	Пед өтілі	Пән бойынша курстан өткен жылы	Мұғалімнің шығармашылық тақырыбы	Байланыс телефоны
1	Батырбеков Мұхит Мамырұлы	ОҚМУ 06.07.2006	Физика-информатика №0746830	I санат	15	2018	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру	87712529966
2	Рысқұлов Бегалы	ТАШГУ 24.07.1996	Физика №101107	Жоғары	26	2020	Оқытудың интербелсенді әдісін пайдалану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру	87719143578
3	Үйсінбаева Салтанат Сейдрахымқызы	ХҚТУ 21.08.1995	Физика-информатика №0033830	II санат модератор	26	2019	Физика сабағында ойын элементтерін пайдалану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру	87718951736
4	Байтеева Жадра Жұмабековна	ОҚМУ 2007	Физика-информатика	сарапшы	13	2019	Ақпараттық технологияны пайдалану арқылы оқушының ойлау қабілетін дамыту және сапасын арттыру	87752851185
5	Пердеев Досымжан Мамырович	ОҚМУ 06.07.2006	Физика-информатика	II санат сарапшы	14	2018	АКТ-ның көмегімен оқушыларды пәнге деген қызығушылығын арттыру	87074230829
6	Бекбердиев Сәлімжан Саматұлы	ШУ 24.06.2005	Физика-информатика №0617208	I санат модератор	15	2021	Оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін ұштау.	87712482757
7	Мұсабеков Сәдуақас Оразалыұлы	ШУ 07.06.2010	Информатика №0163875	I санат модератор	14	2019	Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру .	87053558525
8	Құтымбетов Жаныбек Амантайұлы	Ш.Ә.П.У 2009 жыл	Информатика	II санат модератор	15	2020	Ойын элементтерін пайдалана отырып, оқу бейімділігін дамыту .	87478810785

9	Абдуллаева Аякоз Мухтаровна	М.Әуезов атындағы.ОҚМУ 2012 ж	Информатика	санатсыз	3		АКТ-ның көмегімен оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру .	87716690319
10	Конусбаева Гульнара Абдразаковна	М.Әуезов атындағы.ОҚМУ 2007 ж	Физика- информатика	санатсыз	12	2020	Жаңа технология элементтерін қолдану	87055488234

«Шарбұлақ» жалпы орта мектебінің физика және информатика пән әдіс бірлестігінің отырысынан.

Шарбұлақ ауылы.

27. 08. 2021жыл

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. 2021-2022 оқу жылындағы физика және информатика пәнін оқыту жайлы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
2. Оқу жүктемесіне сәйкес сағаттарды бөлу.
3. Ұзақ мерзімді жоспарды жасау және бекіту.

Баяндамашы Пердеев Д

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ПӘБ жетекшісі Пердеев Д. өз сөзінде 2021 – 2022 оқу жылында физика және информатика пәнін оқыту жөнінде әдістемелік нұсқау хатымен таныстырып өтті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет. 2021 - 2022 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керек –Білім алушылардың білімін толықтыру. Оқу жүктемесі төмендетілген ҰОЖ-н жүзеге асыру. Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету. Әрбір білім беру ұйымының міндеті – білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы , жалпыадамзаттық ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру.сонымен қатар 2- 11 сыныптарда сабақтың ұзақтығы-45 минут,сағат жүктемесі -16с болатыны айтылды. Үлгілік оқу жоспарлары ҚР. БҒМ. 2012жылғы 8- ші қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2021жылғы 25 наурыздағы № 125 бұйрықпен енгізілген

өзгерістермен және толықтыруларымен.) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына сәйкес бекітілген. Сонымен қатар биылғы оқу жылында вариативтік компонент 6 сыныптарға және 11-сынып жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарына таңдау пәні берілді.

2 –ші мәселе бойынша 2021-2022 оқу жылындағы оқу жүктемесіне сәйкес пән мұғалімдерімен келісіп, ақылдаса отырып физика және информатика пәні бойынша сағаттарды бөлді. Сағаттар мұғалімдерге бөлінуі бойынша

1.ПердеевД-19сағат, 2.Бекбердиев С-17сағат 3. Мұсабеков С-17сағат. 4.Үйсінбаева С-16 сағат. 5.Абдуллаева А-8 сағат 6. Батырбеков М -8 сағат 7.Рысқұлов Б-8сағат, 8.Қонысбаева Г-8сағат. 9.Байтеева Ж-8сағат.10.Құтымбетов Ж-8сағат бөлініп берілді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Пердеев Досымжан пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспарларды талапқа сай және ӘНХ пен ТОЖ басшылыққа алуларын айтып өтті. Ұзақ мерзімді жоспарларды жасап 31-ші тамыз күні бекіттіретіні айтылды. ҚМЖ-ны 130-бұйрық бойынша жасау керектігі және ҚМЖ-ны қағазға жазып шығаруға және электронды нұсқада сақтаса да болатыны айтып өтілді. Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жасалған отырысымызды аяқтай отырып айтарым құрметті ұстаздар оқушыларымызға бүгінгі күннің талабына сай сапалы білім, саналы тәрбие беру әрбір ұстаздың міндеті деп жиналысты аяқтады.

Қаулы етеді

1.2021-2022 оу жылында физика және информатика пәнін оқыту барысында ӘНХ басшылыққа алу пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

2.Оқу жүктемесіне сәйкес физика және информатика пән мұғалімдеріне бөлініп берілген сағат жүктемесін бекіту мектеп әкімшілігіне жүктелсін.

3. Ұзақ мерзімді жоспарларды 31- тамызға дейін жасап, бекітуге ұсыну физика және информатика пәні мұғалімдеріне міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы :

Пердеев Д

Хатшысы :

Мұсабеков С

Шарбұлақ елді мекені

« 11» қыркүйек 2021 ж

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінде 11.09.2021 жылы физика және информатика пән әдіс бірлестігінің кезектен тыс отырысы болып өтті.

Қатысқаны: 10 мұғалім

Күн тәртібінде :

- 1.Қашықтықтан оқу кезінде пәндер бойынша оқу мақсаты күрделі болған, яғни оқушыларға қиын болған тақырыптар жайлы.
- 2.Оқу жылы басында алынған пәндер бойынша бақылау жұмысының қорытындысына сәйкес білім сапасы төмен болған сыныптар және оның себептері жайлы.

Баяндамашылар: Физика және информатика пәні мұғалімдері

Тыңдалды:

«Шарбұлақ» жоббм физика және информатика пәні бойынша оқушылардың оқу үлгерімінің бірінші бақылау жұмысының қорытындысы төмендегідей болды: информатика пәні бойынша орта балл:3,9 білім сапасы: 65,4.Физика пәні бойынша орта балл:3,7 білім сапасы: 55,4.

Бірінші мәселеге байланысты төмендегі тақырыптардың оқу мақсаты күрделі,яғни қиындау болғанын пән мұғалімдері жеткізді. 5- . Ақпаратты беру Ақпаратты шифрлау. 6- Объектілердің 3D модельдері. 7- Процестерді электрондық кестеде модельдеу . 8-сыныпта үшмүшеден екімүшенің толық квадратын бөлу; 9- Google drive-та құжатты біолесіп жұмыс істеу қызметі білім алушыларға қашықтықтан үйрету қиын болды.

Екінші мәселе бойынша пән мұғалімдері өз ойларын айтты. 8,9,10 – сыныптардан алынған бақылау жұмысының орта балының төмен екендігі аталды. Өткен оқу жылында интернет жылдамдығының біздің елді мекендегі нашарлығынан сабаққа байланысты жіберілген материалдарды оқушылар кешіктіріп көруі, кей балалар қажетті дүниелерді өз телефондарынан мүлдем аша алмауы болғанын жеткізді мұғалімдер. Жалпы физика информатика пән бойынша қашықтықтан оқыту мен оқу форматы мұғалімдерге де оқушыларға да қиындықтар туғызды .,9-11

сыныптарда бағдарламаның күрделенуі, оларды онлайн форматында оқушылардың игеруі қиындық туғызды. Сондай -ақ оқу жылында мерекелік демалыс күндерінің көп болуына байланысты, стандартты игеру үшін кейбір тақырыптарды біріктіріп өтуге мәжбүр болдық. Оқушылардың тиісті стандартты игеруі осындай түрлі себептерге байланысты төмендеген.

Алдағы уақытта бұл кемшіліктерді жоюға мүмкіндіктер болады деді пән мұғалімдері.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Қашықтықтан оқу кезінде ІІ тоқсанда пәндер бойынша оқу мақсаты күрделі болған, оқушыларға қиын болған тақырыптардың орнын толтыру пән мұғалімдеріне жүктелсін.
2. Алдағы уақытта аталған кемшіліктерді жою пән мұғалімдеріне жүктелсін.

Жиналыс төрағасы :

Пердеев Д

Хатшысы:

Мұсабеков С.

« Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінің физика және информатика пәні
бірлестігінің кезекті отырысы

№3 хаттама

Күні 05.11. 2021 ж

Қатысқаны – 10

Күн тәртібінде:

1. I тоқсан қорытындысы
2. ББЖМ-ды ұйымдастыру, өткізу жұмыстарының іс-шаралар жоспарын талдау
3. Мектепшілік оқушылар олимпиадасының материалдарын дайындау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша I тоқсан қорытындысы туралы бірлестік жетекшісі хабарлама жасады. Биылғы 2021-2022 оқу жылының I тоқсаны бойынша физика пәні бойынша білім сапасы мен үлгерім сапасына тоқталды. Физика пәнінен 10,11- сыныптарда қоғамдық-гуманитарлық бағытта аптасына бір сағат болатындықтан 1- тоқсанға баға қорытылмайды.

I-тоқсанда физика пәні бойынша жоғары білім сапасын көрсеткен сыныптар 11- сынып, білім сапасы 69 %, Ал қалған сыныптар 7-сынып 64 % , 8- сынып 68%, 9- сынып 58 % 10-сынып 67 % білім сапасын көрсеткен.

Физика пәнінен ТЖБ қорытындысы бойынша білім сапасын көрсеткен сыныптар

7 - сынып, білім сапасы 66 %., 8 - сынып ,білім сапасы 67%., 9 – сынып , білім сапасы 57 %., 10 - сынып, білім сапасы 68 %., 11- сынып , білім сапасы 68%., Информатика пәні бойынша 5-9 сыныптар аптасына бір сағат болатындықтан 1- тоқсанға баға қорытылмайды.

10- сынып, білім сапасы 70 %, 11-сынып 69 % ,

Информатика пәнінен ТЖБ қорытындысы бойынша білім сапасын көрсеткен сыныптар

10- сынып, білім сапасы 68 %, 11-сынып 67 % ,

Екінші мәселе бойынша 9 сынып оқушыларын ББЖМ –ға дайындау жайлы айтылды . Оқушыларды уақтылы дайындыққа шақырып тұру керектігі ескертілді. Дайындық барысында математикалық сауаттылық көрсеткішін апта сайын тексеріп, нәтижені бақылап отыру керек екендігі тиянақталды.

Үшінші мәселе бойынша мектепшілік олимпиаданың өтілуіне байланысты пән мұғалімдері материалдар дайындалып, бірлестік жиналысында талқыланды. 25-30 қазан аралығында мектепшілік пән олимпиадасы болып өтті. Әдістемелік нұсқауға сүйене отырып, оқу мақсатынан ауытқушылық болдырмауы талқыланды.

Мектепшілік пән олимпиадасында дайындалған материалдарды толық меңгерген оқушыларымыз информатика пәні бойынша 8-сынып оқушысы Бекбосын А, 9-сынып оқушысы Дархан Н, 10-сынып оқушысы Құрақ Н, 11-сынып оқушысы Бұхарбай Б аймақтық пән олимпиадасына жолдама алды.

Физика пәні бойынша 8-сынып оқушысы Батырша А, 9-сынып оқушысы Әмір З, 10-сынып оқушысы Жақсылық И , 11-сынып оқушысы Үсіпбек Күміс аймақтық пән олимпиадасына жолдама алды.

Жарыссөзге шыққан пән мұғалімі Рысқұлов Бегалы ағай ҰБТмен ББЖМ дайындығында оқушыларды пән мұғалімдеріне бөліп беруді ұсынып , сабақ беруші мұғалімдерге көмек беруді сұрады:

Қаулы етеді:

1. ТЖБ қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. ББЖМ –ға дайындық барысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
3. Оқушыларды аймақтық пән олимпиадасына дайындау пән мұғалімдеріне жүктелсін.

ПӘБ жетекшісі:

Пердеев Д

Хатшысы :

Мұсабеков С

« Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінің математика пән әдіс
бірлестігінің кезекті отырысы

№4 хаттама

Күні 05.01. 2022 ж

Қатысқаны - 10

Күн тәртібінде:

1. Тәжірибе алмасу ,шеберліктерін шыңдау.
2. II тоқсан қорытындысы мен ТЖБ қорытындысы
3. ҰБТ дайындық тесттерін талқылау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі сөз алды. Қазіргі қоғамда оқу-тәрбие жұмысын жүргізуші маман педагог ұстаз деп аталады. Дегенмен, ұстаз ұғымы арнаулы білім, қажетті құжатқа байланысты емес. Үлгілі, өнегелі, өмір тәжірибесі бай адам ғана ұстаз бола алады. Ұжымда, басқа да әріптестермен тәжірибе алмасу, өз шеберлігін арттыруда тынбай еңбектену керек екендігін айтып өтті . Әріптестерінің сабақ өтудегі әдіс-тәсілдерін өз сабағында қолданып тәжірибе жасау керек.

II тоқсан қорытындысы бойынша барлық 5-11 сыныптардан толық екі бжб мен тжб алынып қорытылды. Қорытылмай қалған оқушы болған жоқ. Үйде денсаулығына байланысты оқитын оқушылар өз деңгейіне қарай бжб мен тжб сынақтары алынып тоқсан қорытылды. Жалпы мектеп бойынша

5-сыныптардың	информатика пәнінен білім сапасы	64 %
6-сыныптардың	информатика пәнінен білім сапасы	68 %
7-сыныптардың	информатика пәнінен білім сапасы	66%
8-сыныптардың	информатика пәнінен білім сапасы	69%
9-сыныптардың	информатика пәнінен білім сапасы	62% %
10-сыныптардың	информатика пәнінен білім сапасы	63%
11-сыныптардың	информатика пәнінен білім сапасы	69% болды.
7-сыныптардың	физика пәнінен білім сапасы	66%
8-сыныптардың	физика пәнінен білім сапасы	69%
9-сыныптардың	физика пәнінен сапасы	62% %
10-сыныптардың	физика пәнінен сапасы	63%
11-сыныптардың	физика пәнінен сапасы	69% болды.

Үшінші мәселе ҰБТ —ға дайындық барысы туралы сөз қозғалды. Онда 11 сынып оқушыларынан алынған тест қорытындылары талқыланды. 1 тесттің

қорытындысы бойынша физика пәнінен білім сапасы – 65 пайыз берген. 2- тесттің нәтижесі бойынша білім сапасы 69 пайызға көтерілген.

Қаулы етеді:

1.Тәжірибе алмасу ,шеберліктерін шыңдай отырып, С.Үйсінбаеваның озық іс-тәжірибесі аудан көлеміне ұсынылсын.

2. II тоқсан қорытындысы білім сапасы «қанағаттанарлық» деп табылсын.

3. Бітіруші 11-сынып оқушыларын ҰБТ тестілеуіне дайындығы жандандырылсын.

ПӘБ жетекшісі:

Пердеев Д

Хатшысы :

Мұсабеков С

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебі физика және информатика пән әдіс бірлестігінің 2021-2022 оқу жылының І-жарты жылдығында атқарылған жұмыстары жайлы есебі

Физика және информатика пән әдістемелік бірлестігі құрамында - 10 мұғалім бар, Бірлестік жетекшісі Пердеев Д, Жалпы бірлестікте санаттары бойынша 1- ұстазымыз зерттеуші , 2 - ұстазымыз сарапшы , 3 - ұстазымыз модератор біліктілік санаттарын қорғаған.

Мектепте 3 информатика, 1 физика кабинеттері жұмыс жасайды. Кабинеттер мектептің ішкі құрылымына сай жабдықталған. Мұғалімдердің ұзақ мерзімді жоспарлары әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес жасалып, бірлестік отырысында талқыланып, бірлестік жетекшісі қол қойды. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары тарапынан тексеріліп, директор тарапынан бекітілген. Күнделікті қысқа мерзімді жоспарлар №130 бұйрыққа сай жасалынған.

Комиссия мүшелері сайланып пән кабинеттерінің дайындығы тексерілді, онда пән кабинеттерінің көрнекіліктері біршама жаңартылу керектігі көрсетілді. Сондай-ақ физика информатика пән кабинеттері меңгерушілері болып төмендегі пән мұғалімдері бекітілді: Пердеев Д №6, Бекбердиев С №1, Мұсабеков С №22, Құтымбетов Ж №15, Қонысбаева Г №6. Үйде оқитын оқушылардың физика және информатикадан Қонысбаева Г , Байтеева Жадыраға бекітілді, жоспары жасалып, бекітілген. Барлық мұғалімдер жоспарға сай жұмыс атқаруда: күнделікті сабақ жоспарларын жазу, тексеру, дәптер тексеру, бақылау жұмыстарын алу, сондай-ақ БЖБ, ТЖБ алу, балл қою өз уақытысында орындалып отыр.

Жұмыс барысында мұғалімдердің сабағына еніп, дәптер тексеру барысы тексерілді. Дәптер тексеру барысында оқушыларға балл қоюмен қатар қысқаша комментарий жазу керектігі ескертілді. Мектепшілік пән олимпиадасына оқушыларды дайындау барысында дарынды оқушымен жұмыс өз деңгейінде жүргізілді.

25-30 қазан аралығында мектепшілік пән олимпиадасы болып өтті.

Нәтижесінде: информатика пәні бойынша 8-сынып оқушысы Бекбосын А, 9-сынып оқушысы Дархан Н, 10-сынып оқушысы Құрақ Н, 11-сынып оқушысы Бұхарбай Б аймақтық пән олимпиадасына жолдама алды.

Физика пәні бойынша 8-сынып оқушысы Батырша А, 9-сынып оқушысы Әмір З, 10-сынып оқушысы Жақсылық И , 11-сынып оқушысы Үсіпбек Күміс аймақтық пән олимпиадасына жолдама алды.

Мектепшілік ғылыми жоба жұмысында Бекбердиев Сәлімжанның 11- сынып оқушысы Тастанбекова Дариға ІІ-ші орын иеленді.

